

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

13.03.2026 жыл

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - Сыбайлас жемқорлық қылмысы, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік;

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

ШЖҚ «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимханович, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аға медбикелеріне, қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқыту дәрісін өткізді.

Құрметті әріптестер қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес. Еліміздің президентінің алға қойған басты жұмыстардың бірі болып сыбайлас жемқорлық қылмысымен күрес болып табылады. Пара алу, беру, паракорлықта делдал болу, адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу- сыбайлас жемқорлық болып табылады. Қарапайым тілмен айтқанда сыбайлас жемқорлық — бұл кез келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы. *Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан* материалдық және материалдық емес игіліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мүдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Өздеріңіз көріп те, естіп те жүрсіздер бұқаралық ақпарат құралдарынан қаншама жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, лауазымды адамдар, мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік

сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, қызметшілердің, дәрігерлердің, жеке судьялар, құқық қорғау органдарының мемлекеттік қызметкерлерінің, білім саласының қызметкерлерінің қылмыстық жауапкершілікке тартылып, қылмыстық жазаға тартылғандарын.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған субъект әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауып қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі.

Парақорлық бұл сыбайлас жемқорлық көріністің кең тараған және қаупті түрі. *Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде парақорлықпен байланысты үш қылмыс түрі қарастырылған:*

- пара алу (366-бап);
- пара беру (367-бап);
- парақорлыққа делдал болу (368-бап).

Егер пара туралы айтатын болсақ, бұл бір жақта оны алушы бар (пара алушы) және екінші жақта оны беруші бар (пара беруші) болады.

Парақорлыққа делдал болуы да мүмкін.

Пара алу – бұл ең қауіпті лауазымды қылмыстардың бірі, әсіресе адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе қорқытып алу жолдарымен жасалса, лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі бойынша артықшылық алуы және пайдасына жасалуы табылады.

Пара беру – лауазымды адамды қандайда бір артықшылық алуы және пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) арқылы, жалпы қамқорлығына немесе қызметіне жол берушілікке бейімдеуге бағытталған қылмыс.

Парақорлыққа делдал болу – яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу әр азаматтың міндеті деп түсіну қажет. Сыбайлас жемқорлық өте зиян кесел.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жасалуына ешқашан жол бермеңіздер.

Хатшы: А.А.Аманбаева Данабаева А.Н

Комплаенс-офицер: Д.А.Даутов Даутов Д.А

